

# ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН БОНУСТЫҚ КЛУБТЫҢ ҚАҒИДАСЫ

## Анықтамалар, терминдер мен ұғымдар

Егер осы Қағидалардың мәтінінде анық өзгеше айтылмаса, осы Қағидаларда пайдаланылатын терминдер мен ұғымдардың мынадай мағыналары бар:

- 1) **акция** – клиенттердің Банкке ниеттестігін арттыру және Банктің бизнес-міндеттерін шешу мақсатында Банктің белгілі бір кезеңге клиенттерге бонустар немесе кешбэк беру талаптары;
- 2) **Банк** – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Бонустық клубтың жұмыс қағидаларын анықтайтын және қатысушылармен эмитент ретінде жобаға қатысу туралы шарт жасасатын, бонустарды есепке алу және үйлестіру, клиенттермен қарым-қатынас жүргізу, Кәсіпорынды жарнамалық қолдауды қамтамасыз ету және т. б. бойынша міндеттемелер алған Бонустық клубтың ұйымдастырушысы;
- 3) **бонус** – кейінге қалдырылған жеңілдік беру нәтижесінде клиенттің Кәсіпорыннан немесе Банктен алған қаражаты. 1 (бір) бонус 1 (бір) теңгеге тең. Бонустар ақша болып табылмайды;
- 4) **Бонустық клуб** – Кәсіпорындарды біріктіретін және осы Қағидаларда берілген талаптарда Банк карталарын ұстаушыларға қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін Банктің өнімі;
- 5) **бонустық шот** – Карта эмиссиясы сәтінде Банк әрбір клиентке ашатын және онда Банк бонустар бойынша есеп пен операцияларды: есептеу, жұмсау, қалпына келтіру, есептен шығару және баланстың белсенді қалдығын жүргізетін, клиенттің банктік шоты болып табылмайтын шот;
- 6) **бонустарды өзара алмасу** – бонустары бар клиенттің бастамасымен Кәсіпорынның немесе Банктің ниеттестік бағдарламасы арқылы Кәсіпорынның бонустарына немесе кері тарапқа бонустарды айырбастау;
- 7) **сатып алуды қайтару** – картаны пайдалана отырып, бұрын сатып алынған тауарды қайтару бойынша клиент бастамашылық ететін қолма-қол ақшасыз операция, ол Кәсіпорынның ағымдағы шотынан клиенттің банк шотына ақшаны қайтарумен сүйемелденеді;
- 8) **сыйақы** – кейінге қалдырылған жеңілдік және/немесе купон;
- 9) **бонустарды қалпына келтіру** – Қағидаларға сәйкес Банк бастамашылық ететін, бонустармен толық немесе ішінара төленген сатып алу қайтарылған жағдайда жүзеге асырылатын операция. Бұл операция Серіктестің шотындағы ақшаның азаюына және бонустарды клиенттің бонустық шотына есепке жатқызуға әкеледі;
- 10) **науқан** – Серіктестің сыйақы беру талабы;
- 11) **карта** – Банк шығаратын төлем картасы, ол клиентке тауарды/қызметті қолма-қол ақшасыз тәртіппен сатып алуды жүзеге асыруға және басқа да операцияларды жасауға мүмкіндік береді;
- 12) **кешбэк** – клиент қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырған кезде Банктің науқандар шеңберіндегі қаражаты есебінен карталар базасындағы ағымдағы шотына есепке жатқызылатын сома, қолма-қол ақшаны қайтару. Банктің клиенттері болып табылмайтындарға кешбэк есептелмейді. Кешбэк карталар базасындағы ағымдағы шотты жүргізу валютасында есепке жатқызылады;
- 13) **клиент** – Банкпен төлем картасын беру және оған қызмет көрсету туралы қосылу шартын жасасқан, карта ұстаушы жеке тұлға, Налук қаржы порталын пайдаланушы және/немесе Банкте кез келген өнім немесе қызмет бойынша қызмет алушы;
- 14) **купон** – чекте басып шығарылатын, клиентке арналған, ақпараттық сипаттағы немесе клиенттің Кәсіпорыннан Кәсіпорын дербес анықтайтын және ұсынатын қандай да бір тегін тауарларды және/немесе қызметтерді алу мүмкіндігін көрсететін хабарлама. Купон сатып алу кезінде клиенттің қаражаты есебінен картаны пайдалана отырып ұсынылады. Кәсіпорындар купондарға байланысты мәселелер бойынша клиенттердің кінәрат-талаптарын (купонға сәйкес ұсынылған тауарларды және/немесе қызметтерді ұсыну және ауыстыру мәселелерін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) Банктің қатысуынсыз дербес қарайды. Егер сауда/сервис кәсіпорны купонды (сондай-ақ осындай купон бойынша тауарлар және/немесе қызметтер) ұсыну (не ұсынбау) нәтижесінде клиентке залал келтірілсе, Кәсіпорын мұндай залалдарды даусыз және Банкке толық өтеуге міндеттенеді. Купонның мәтінін Банкпен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді;
- 15) **Серіктестің жеке кабинеті** – Кәсіпорынға арналған қолданыстағы ниеттестік

бағдарламалары мен талаптары, Бонустық клуб бойынша үзінді көшірмеге және талдамалық есептерге қол жеткізу, ниеттестік бағдарламаларына/уақытша науқандарға қосылуға өтінім беру/ниеттестік бағдарламалары бойынша талаптарды өзгерту және Банкпен хабарлама алмасу бойынша ақпарат алу сервисі;

16) **бонустарды есептеу** – клиенттің Серіктестен сатып алу нәтижесінде осы Қағидаларға, Банк акцияларының талаптарына немесе Серіктестердің науқандарына, соның ішінде эквайрингтің қосылу шартына қосымша келісімнің 1-қосымшасының талаптарына немесе «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» интернет-эквайрингке қосылу шартына қосымша келісімнің 1-қосымшасына сәйкес клиенттің бонустық шотына бонустарды есепке жатқызу;

17) **кейінге қалдырылған жеңілдік** – Клиенттің қаражаты есебінен карта бойынша төленген тауарларды/қызметтерді төлеуге Кәсіпорынның ағымдағы шотына аударуға жататын сомадан Банк ұстап қалған ақша (транзакция сомасынан пайыздық қатынаста);

18) **жабдық** – Кәсіпорында орнатылған POS-терминал, электрондық терминал, QR-код, Налук Pos қосымшасы және басқа жабдық, ол арқылы картада орналасқан микропроцессордан ақпаратты оқу арқылы операция жүргізіледі;

19) **ниеттестік бағдарламасы** – бұл Банктің және/немесе Кәсіпорынның қолданыстағы бағдарламасы, оның шеңберінде Банк және/немесе Кәсіпорын Банктің клиенттеріне олардың ниеттестігін арттыруға, тұрақты клиенттердің санын көбейтуге және жаңа клиенттерді тартуға бағытталған бонустар/кешбэк ұсынады;

20) **Серіктес** – Банкпен сауда эквайрингінің қосылу шартына қосымша келісім және/немесе «Ниеттестік бағдарламасы шеңберінде Банк клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» интернет-эквайрингке қосылу шартына қосымша келісім жасаған кәсіпорын, соның ішінде Банкпен ниеттестік бағдарламасы шеңберінде өзара ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – ниеттестік бағдарламасының келісімдері) жасаған Кәсіпорын немесе халықаралық компания. Бонустық клуб Серіктестерінің қолданыстағы тізімі halykbank.kz сайтында орналастырылған;

21) **сатып алу** – клиенттің карталар базасындағы ағымдағы шотынан ақшаны есептен шығарумен және оны Кәсіпорынның ағымдағы шотына аударумен сүйемелденетін Кәсіпорынның тауарларына, жұмыстарына және қызметтеріне ақы төлеу картасын пайдалана отырып, клиент бастамашылық ететін қолма-қол ақшасыз операция;

22) **қызмет жеткізуші** – Банкпен төлемдерді қабылдау және аудару қызметін көрсету туралы тиісті қосылу шартын жасаған заңды тұлға, жеке кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалығы, жеке сот орындаушысы, жеке нотариус, адвокат, кәсіби медиатор, оның пайдасына жеке тұлға төлем жасайды;

23) **Қағида** – Бонустарды есептеу, жұмсау, есептен шығару және қалпына келтіру, оның ішінде Банк пен Серіктес өткізетін маркетингтік науқандар негізінде тәртібін айқындайтын, Банктің <https://halykbank.kz> сайтында орналастырылған, жеке тұлғаларға арналған Бонустық клубтың қағидасы;

24) **Кәсіпорын** – заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, өзі жеткізетін тауарларға және/немесе көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру үшін карталар қабылдайтын жеке тұлға немесе заңды тұлға;

25) **«Деректер фабрикасы» бағдарламасы** – бұл Банктің комиссиялық кірісін ұлғайтуға бағытталған стратегиялық жоба, оның шеңберінде бонустары жоғары клиенттерге нүктелі акциялар іске қосылады. «Деректер фабрикасы» бағдарламасының қатысушылары акцияны сипаттауға сілтемені қоса алғанда SMS- немесе PUSH хабарлама алған клиенттер болып табылады;

26) **Бонустарды есептен шығару** – бонустармен толық немесе ішінара төленген сатып алу операциясы есебінен қалыптасатын Қағидаларға сәйкес Банк бастамашылық ететін операция. Бұл операция клиенттің бонустық шотындағы бонустардың азаюын және Серіктестің шотына ақша есепке жатқызуды туындатады;

27) **Клиенттің қаражаты** – клиенттің карталар базасындағы ағымдағы шоттағы ақша (бонустарды қоспағанда);

28) **Серіктестің/Кәсіпорынның ағымдағы шоты** – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген операциялар бойынша клиенттермен және Банкпен өзара есеп айырысуды жүзеге асыру үшін Банк пен Серіктес/Кәсіпорын арасында жасалған шартта көрсетілген, кейінге қалдырылған жеңілдік түрінде ақшаны есепке жатқызуды және есептен шығаруды қоса алғанда, Банк ашқан банктік ағымдағы шот;

28) **транзакция** – тауарларды/қызметтерді сатып алу немесе карта ұстаушының карталар базасындағы ағымдағы шот бойынша ақпарат алу үшін карта арқылы жүзеге асырылатын операция, оның салдары карта ұстаушының карталар базасындағы ағымдағы шотын дебеттеу немесе кредиттеу болып табылады;

29) **бонустарды жарату** – Налук қосымшасындағы Кәсіпорындар немесе Қызмет жеткізушілер желісіндегі жабдық арқылы тауарлар/қызметтер бонустарын пайдалана отырып төлем жүргізілетін транзакция. Осы операцияны атқару нәтижесінде бонустық шоттағы бонустар сомасы азаяды және Серіктестің немесе Қызметтерді жеткізушінің шотына ақша есепке жатқызылады;

30) Налук қосымшасы – клиенттің банктік дүңгіршіктер, компьютерлік желілер, телефон және/немесе ұялы байланыс желілері арқылы карталық және өзге де операцияларды жүргізу туралы нұсқауларын жіберетін, төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу, сондай-ақ Банк айқындайтын талаптарда және тәртіпте өзге операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын, Банк бақылайтын электрондық жүйе.

31) **MCC-код (MCC, Merchant Category Code)** – сауда нүктесінің қызмет түрінің коды. Ол төрт таңбалы нөмір болып табылады және Кәсіпорын көрсететін қызметтерді/тауарларды олардың қызметінің түрі бойынша жіктеу үшін банк карталарының саласында қолданылады;

32) **RRN (Reference number)** – транзакцияны сәйкестендіру үшін қажет карталар базасындағы 12 таңбалы бірегей операция нөмірі;

33) **XLS TRX id** – бұл транзакцияны сәйкестендіру үшін қажет бонустық жүйеде бірегей операция нөмірі.

34) **бонустармен күмәнді операциялар** – клиенттің Серіктеспен жасаған операциялары, оған қатысты Банкте Серіктес пен клиент арасында жасалған мәміленің жалғандығы туралы күдік туындайды. Бонустармен жасалатын операцияның күмәнділік өлшемдерін Банк клиент пен Серіктестің келісімін алмай өз бетінше айқындайды.

## 1-тарау. Кіріспе

1. Банк ұйымдастырушы рөлінде әрекет ете отырып, Бонустық клуб (бұдан әрі – Бонустық клуб) құрады. Банктің клиенттеріне (жеке тұлғалар – ҚР резиденттері және бейрезиденттері) бонустар (жедел жеңілдіктер, купондар және т.б.) беретін Кәсіпорындар Бонустық клубтың серіктестері болады.

2. Клиенттердің Бонустық клубқа кіруі Төлем карталарын шығару және қызмет көрсету туралы қосылу шартына қосылу және осы Қағиданы қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

3. Бонустық клуб Қазақстан Республикасының аумағында Серіктестер желісінде және Налук қосымшасының Қызметтерді жеткізушілер желісінде және Банктен бонустарды/кешбәкті есепке жатқызу кезінде аумағы бойынша шектеусіз әрекет етеді.

4. Бонустық клуб Серіктестер үшін және Клиенттер үшін мерзімсіз болып табылады. Банк бонустарды жинақтау құрылымын және пайдалану құрылымын қоса алғанда, осы Қағиданы өзгерту немесе күшін жою және/немесе Бонустық клубтың қызметін тұтастай өзінің қарауы бойынша тоқтату құқығын өзінде сақтайды.

5. Осы Қағида Бонустық клуб шеңберінде Банктің төлем карталарына қызмет көрсету және пайдалану тәртібін орнатады, сондай-ақ мыналарды реттейді:

1) Бонустық клуб шеңберінде Банктің және клиенттің құқықтары мен міндеттері;

2) бонустарды есептеу, жарату, есептен шығару және қалпына келтіру тәртібі.

6. Осы Қағида ашық ақпарат болып табылады және банктік құпия болып табылмайды. Банк осы Қағиданы клиент Бонустық клубтың шарттарымен танысу үшін ұсынады.

7. Банк Бонустық клубтың шарттарымен клиенттерді таныстыру мақсатында Қағиданы, соның ішінде оның өзгерістері мен толықтыруларын осы ақпаратпен клиентті таныстыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін орындарға, соның ішінде:

1) Банктің [www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz) интернет-сайтында ақпаратты орналастыру;

2) Банк бөлімшелеріндегі және басқа да құрылымдық бөлімшелеріндегі стендтерге хабарландыру ілу;

3) клиентке ақпарат алуға және оның Банктен келген ақпарат екенін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілдер арқылы орналастырады.

8. Ақпаратты ашу оны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы міндетті түрде таратуды білдірмейді.

9. Қағидадағы өзгерістер туралы хабарламалар олар сайтта жарияланған сәттен бастап жарамды болады және жалпы, Бонустық клубқа қатысу қағидаларымен және талаптарымен танысуды, келісуді білдіреді.

## 2-тарау. Бонустарды беру тәртібі

10. Барлық есеп айырысу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Төлем картасын шығару және қызмет көрсету туралы қосылу шартында, осы Қағидаларда және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

11. Төлем картасын шығару және қызмет көрсету туралы қосылу шартын жасаған кезде Банк клиенттің атына ұлттық валютада (теңгемен) жүргізілетін бонустық шот ашады. Банк ҚР заңнамасына, Төлем картасын шығару және қызмет көрсету туралы қосылу шартына, осы Қағидаға және Банктің ішкі қағидаларына сәйкес бонустық шотқа банктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

12. Клиенттің бонустық шотына бонустарды есепке жатқызу Кәсіпорынның жабдығы арқылы немесе Налук қосымшасында жүргізілген транзакциялар бойынша деректердің негізінде, сондай-ақ Банк науқандарының, акцияларының немесе өнімінің талаптарына сәйкес клиенттердің деректері негізінде жүреді.

13. Егер тауар/қызмет үшін есеп айырысу бонустармен жүзеге асырылса, бонустарды есептен шығару транзакцияны жүргізу сәтінде жүргізіледі. Банк транзакцияны бонустық шоттағы бонустың қалдығы шегінде орындауға қабылдайды. Бонустық шотта бонус жеткіліксіз болған жағдайда осы функция Банк жабдығында немесе Налук қосымшасында іске асырылғанда клиент сатып алудың жетпейтін бөлігін ақша есебінен ала алады.

13-1. Клиенттің бонустық шотында минус (теріс) қалдық түзілген жағдайда, Банк Клиенттің банктік шотынан ақшаны акцептісіз тәртіпте есептен шығаруға құқылы. Банк Клиенттің қосымша келісімінсіз оның банктік шотынан тікелей дебеттеу арқылы, соның ішінде банктік шоттың бұғатталуы кезінде алуға құқылы:

- егер Клиент бонустық шоттағы (тауарды қайтару жағдайын қосқанда, кез келген себептермен)/банктік шоттағы есептелген қалдықтан асатын бонус/Cashback пайдаланған жағдайда, бонустық шот/банктік шот бойынша түзілген дебиторлық берешек/нұқсан сомасын;

- техникалық іркіліс жағдайында банктік шоттан ақша немесе бонустық шоттан бұрын есептелген бонус/Cashback және/немесе қате есептелген бонус/Cashback сомасы.

14. Серіктес/Банк кейінге қалдырылған жеңілдік берген операция жойылған жағдайда клиенттің карталар базасындағы ағымдағы шотында ақша қалпына келтіріледі, клиенттің бонустық шотынан есептелген бонустарды есептен шығару жүреді. Клиентке қайтару үшін Серіктеске транзакция чегін ұсыну қажет.

15. Банк бонустарды клиенттің Бонустық шотына Серіктес/Банк берген кейінге қалдырылған жеңілдіктің мөлшеріне сәйкес есептейді. Банктен кешбэк клиенттің карталар базасындағы ағымдағы шотына есептеледі.

16. Бонустарды, атап айтқанда, банкоматтар арқылы немесе Банк бөлімшелеріне жүгіну арқылы қолма-қол ақшамен алу мүмкін емес.

17. Клиент бонустармен төлеген кезде бонустар есептелмейді.

18. Ағымдағы шоттан жетпеген ақшаны алып, бонуспен төлеген кезде бонус тек төлемнің ақшалай бөлігіне ғана есептеледі.

19. Бонустар есептелгеннен кейін оларды кейінірек, белгілі бір мерзім өткен соң жұмсауға болатын Банктің жекелеген акцияларының немесе Серіктестің науқандарының талаптарын қоспағанда, бонустарды олар есептелгеннен кейін дереу жаратуға болады.

20. Бонустарды тек Банктің клиенті ғана пайдалана алады.

21. Клиент бонустарды Кәсіпорынның жабдығы арқылы, сондай-ақ Налук қосымшасында Қызметтерді жеткізушілердің көрсетілген желісінде транзакцияны жүзеге асырған кезде және техникалық жүзеге асырылған жағдайда Банктің басқа өнімдеріне (қызметтеріне) пайдалана алады.

22. Бонустар ақшалай өтелмейді.

23. Бонустар заңды тұлғалардың корпоративтік төлем карталарына және алдын ала төленген төлем карталарына есептелмейді.

24. Төлем карталарына шектеулер қойылған жағдайда, соның ішінде Банктің комплаенс бақылау қызметі шектеу қойған жағдайда бонустар есептелмеуі тиіс.

25. Төлем карталары арнайы ағымдағы шоттарға байланыстырылған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық мониторинг комитетінің тізімдерінде бар клиенттерге де бонустарды есептеу қолжетімсіз.

26. Банктің бонустары Банк өткізетін акциялардың талаптарына немесе Банк өнімінің талаптарына сәйкес есептеледі. Бонустарды есептеу талаптары, бонустардың мөлшері, Банктің бонустарын есептеу бойынша ерекшеліктер Банктің halykbank.kz ресми сайтында орналастырылған.

27. Серіктестердің бонустары ниеттестік бағдарламасы келісімдерінің талаптарына сәйкес есептеледі, Серіктестер бонустарының талаптары мен мөлшері Банктің halykbank.kz ресми сайтында орналастырылған.

28. Егер Серіктес ниеттестік бағдарламасынан шықса немесе талаптарды және бонустардың мөлшерін өзгертсе, Банк 30 жұмыс күні ішінде ресми сайтта Halyk қосымшасында ақпаратты жаңартады.

29. Банк өнімінің немесе акциясының талаптарына сәйкес Банк немесе серіктес есептейтін бонустардың әрекет ету/қолданылу мерзімі болуы мүмкін.

29-1. Банк өнімінің немесе акциясының талаптарына сәйкес Банк немесе Серіктес есептейтін бонустар:

- алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында белгілі бір уақыт ішінде пайдалану үшін қолжетімсіз болуы мүмкін;

- алаяқтық операциялардың алдын алу мақсатында белгілі бір уақыт өткен соң клиенттің бонустық шотына түсуі мүмкін.

30. Банк өткізетін акцияның және оның шеңберінде бонустар есептелетін өнімдердің талаптары Банктің ресми сайтында орналастырылады.

31. Клиент Серіктестің немесе Банктің ниеттестік бағдарламасының шеңберінде, Серіктестің сайтында немесе мобильді қосымшасында, Банктің сайтында немесе мобильді қосымшасында осындай қызмет жүзеге асырылған жағдайда өзара бонустар алмасуды жүргізе алады.

32. Қолма-қол ақша алғанда бонустар есептелмейді.

33. Клиент Банк акцияларының талаптарында, төлем картасын шығару және қызмет көрсету туралы қосылу шартында, Серіктестердің ниеттестік бағдарламасының келісімдерінде және осы Қағидада белгіленген шектеулермен бонустық шоттағы бонустарға өкімдік ете алады.

34. Бұрын Серіктес кейінге қалдырылған жеңілдік берген сатып алуды клиент қайтарған жағдайда клиенттің карталар базасындағы ағымдағы шотта ақша қалпына келтіріледі, клиенттің бонустық шотынан бонустар есептен шығарылады және Серіктестің ағымдағы шотына ақша түріндегі кейінге қалдырылған жеңілдіктің тиісті сомасы қайтарылады.

35. Егер клиент бонустарды ішінара жұмсап және ақшаны ішінара пайдаланып сатып алған болса, клиент Серіктеске сатып алуды қайтарған жағдайда клиенттің карталар базасындағы ағымдағы шотқа ақша тиісті түрде есепке жатқызылады және Серіктестің ағымдағы шотынан ақша түрінде тиісті соманы есептен шығару арқылы клиенттің бонустық шотындағы бонустар қалпына келтіріледі.

36. Бұрын Серіктес кейінге қалдырылған жеңілдік берген сатып алу сомасын клиент ішінара қайтарған жағдайда, клиенттің карталар базасындағы ағымдағы шотында ақша қалпына келтіріледі, сатып алудың барлық сомасына бұрын есептелген бонустар толық көлемде клиенттің бонустық шотынан есептен шығарылады және бұрын есептелген кейінге қалдырылған жеңілдіктің барлық тиісті сомасы Серіктестің ағымдағы шотына ақша түрінде қайтарылады.

37. Транзакция импринтер және Банкоматтар арқылы картаны пайдалана отырып жүзеге асырылған жағдайда бонустар берілмейді.

38. Бонустық шотқа есепке жатқызылған бонустарды Серіктестің сауда нүктесінде транзакция жасаған кезде клиентке берілетін чектен немесе POS-терминалдың экранында, сондай-ақ Halyk қосымшасы арқылы қарауға болады.

39. Карта қайта шығарылған кезде бонустар клиенттің бонустық шотында сақталады және қайта шығарылған картаны пайдалану арқылы клиентке қолжетімді болады.

40. Төлем картасын пайдалану арқылы транзакцияны жүзеге асырған кезде бастапқы құжат – чек рәсімделеді, ол мыналар үшін негіз болады:

- 1) осы транзакциялар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру;
- 2) олардың жасалғанын растау;
- 3) бонустарды есепке жатқызу және бонустарды жұмсау.

### 3-тарау. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

#### 41. Клиент:

- 1) кейіннен Серіктестер желісінде және Налук қосымшасындағы қызмет жеткізушілер желісінде тауарлар мен қызметтер үшін төлеуге Серіктестер желісінде тауарлар/қызметтер үшін төлеу кезінде бонустар жинақтауға;
- 2) Кәсіпорындар желісінде тауарларға/қызметтерге төлем карталары арқылы қолма-қол ақшасыз бонустық шоттан ақы төлеуге:  
бонустармен толық төлеу;  
бонустармен ішінара төлеу;
- 3) Налук қосымшасында **төлем карталары арқылы бонустық шоттан** жеткізушілердің қызметтеріне ақы төлеуге және төлем жасауға:  
бонустармен толық төлеу;  
бонустармен ішінара төлеу (техникалық жүзеге асырылғаннан кейін);
- 4) осы Қағиданың 7-тармағына сәйкес Қағидалар және өзгерістер туралы ақпарат алуға;
- 5) бонустық шоттың балансымен келіспеген жағдайда, Банк акциясының талаптарына сәйкес операция жүргізгеннен кейін немесе Банктің төлем картасын пайдаланып сатып алғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күннің ішінде Банктің қарауына жазбаша өтініш, сондай-ақ бонустар есептелген және пайдаланылған операциялар жүзеге асырылған POS-терминалдың чектерін/электрондық чекті жіберуге құқылы.

#### 42. Клиент:

- 1) бонустарды есептеу және жұмсау үшін Серіктестер желісіндегі Банк жабдығы арқылы Банк картасын пайдалануға;
- 2) бонустарды есептеу үшін Банк өткізетін акцияның және Серіктестер науқандарының талаптарын орындауға;
- 3) бонустардың қате есептелген жағдайлары туралы Банкке хабарлауға және Банктің оларды қайтаруына (бонустық шоттан есептен шығаруға) кедергі келтірмеуге;
- 4) бонустарды бонустық шоттағы бонустардың қалдығы шегінде ғана пайдалануға. Бонустық шоттағы есептелген бонустардың қалдығынан асатын бонус пайдаланылған жағдайда (кез келген себептермен) Банкке түзілген берешектің сомасын қайтаруды қамтамасыз етуге және Банктің осындай қайтаруды жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге;
- 5) Бұрын Банктің немесе Серіктестің бонусы/кешбәгі есептелген сатып алу сомасын клиент қайтарған жағдайда, Банк есептен шығару үшін бонустық шотта бұрын есептелген бонус/кешбәк сомасының толық көлемде болуын қамтамасыз етуге;
- 6) Банктен немесе Серіктестен бонусты/кешбәкті заңсыз алу мақсатында төлем картасы бойынша күмәнді операциялар жүргізбеуге;
- 7) қажет болған жағдайда бонустар түрінде алынған кірістерді декларациялауға;
- 8) бонустармен төлегіңіз келсе, сатушыға бонустар есебінен операция жасау қажет екенін міндетті түрде хабарлауға.
- 9) Налук Club-қа қатысу туралы ақпарат Налук қосымшасында және корпоративтік сайтта болған/болмаған жағдайда сату нүктелерінде Серіктестен бонустардың есептелуіне қатысты ағымдағы талаптарды дербес анықтауға міндетті.

### 4-тарау. Банктің құқықтары мен міндеттері

#### 43. Банк:

- 1) клиент тиісті өтініште көрсеткен мәліметтерге тексеру жүргізуге;
- 2) клиентке бонустық шоттан бонустарды/кешбәкті есептеу және есептен шығару бойынша операцияларды жүргізуден мына жағдайларда бас тартуға:  
операцияның жүргізілгенін растайтын құжат/электрондық құжат болмаған кезде; карта ұстаушылар күмәнді операциялар атқарған жағдайда, Банк клиенттерге тиісті хабарлама жібермей, осындай операциялар бойынша бір жақты тәртіпте бонустың/кешбәктің есептелуін болдырмауға/тоқтатуға және/немесе бонустарды қайтаруға құқылы; транзакцияны клиенттің жасағанына күмән туғанда;  
клиент жасаған операция Қағидаға немесе Банк белгілеген осы операцияны жүзеге асыру

тәртібіне қайшы келгенде; бонустарды жарату бойынша операцияны жүргізу үшін бонус жеткіліксіз болғанда;

3) осы Қағиданың 7-тармағында көзделген тәртіпте Қағиданың өзгеруі туралы ақпаратты жариялау арқылы клиентке міндетті түрде хабарлап, Қағидаға өзгерістер енгізуге;

4) Бонустық клубты жабуға;

5) Серіктестер желісінде ғана емес операцияларға бонус пен кешбэк есептеуге;

6) бонусты/кешбэкті Банк ішіндегі, сондай-ақ уәкілетті органдардың және үшінші тұлғалардың талаптары бойынша клиенттің берешегін есептен шығаруға бағыттауға;

7) егер клиент картаны Серіктес болып табылмайтын Кәсіпорында пайдаланса, бонус есептемеуге;

8) егер клиент картаны басқа банктің POS-терминалында немесе электрондық терминалында пайдаланса, Серіктестің бонусын есептемеуге;

9) науқан/акция аяқталған жағдайда бонус есептемеуге;

10) Банк өткізетін акцияны біржақты тәртіппен тоқтата тұруға/тоқтатуға немесе талаптарын өзгертуге;

11) Бонус қалдығына меншік құқығы Банкке шартсыз және даусыз тәртіппен өтуіне:

Клиенттің барлық картасы жабылған жағдайда және/немесе шот бойынша соңғы операциядан кейін алты ай ішінде карталар базасындағы клиенттің ағымдағы шоты пайдаланылмағанда;

ағымдағы/бонустық шот бойынша соңғы операциядан кейін 6 ай ішінде карталар базасындағы клиенттің бонустық шоты пайдаланылмаған жағдайда (шығыс операциялардың болмауы және бонустар есептелмеу немесе бонустық шот бұғатталған кезде);

бонустарды пайдалану бойынша операциялар 12 айдан астам болмаған жағдайда (шығыс операцияларының болмауы);

12) Банк заңсыз деп және/немесе Бонустық клубтың аясында өткізілетін акцияларға/науқандарға, Бонустық клубтың Қағидасына немесе клиентпен жасалған шарттарға сәйкес келмейді деп күмәнданған немесе негіз бар деп санаған клиенттердің бонустары бойынша операциялар жасалған жағдайда, Банк клиентке тиісті хабарламаны жібермей, Банкте ашылған клиенттің банктік шоттарын және бонустық шотты бұғаттауға құқылы. Осы арқылы клиент Банкке осы Қағидада және жасалған шарттарда көзделген жағдайларда, Банкте ашылған клиенттің банктік шоттарын, бонустық шотты бұғаттауға шартсыз және қайтымсыз келісім береді;

12-1) бонустық шот бұғатталған сәттен бастап бонустық шот бұғаттан шығарылған сәтке дейін Банктің немесе серіктестің кез келген науқандары бойынша бонус есептемеуге. Бонустық шот бұғаттан шығарылғаннан кейін бонустық шот бұғатталған кезең үшін бонус қосымша есептелмейді;

13) Басқа банк коммерсантқа қате МСС берген жағдайда басқа банктердің терминалдарында клиентке бонустар есептемеуге;

14) техникалық іркіліс және/немесе қате есептелген бонус/кешбэк жағдайында немесе Банкте клиент бонустарды күмәнді операциялар жасап алғанына күдік туындаған жағдайда карталық базадағы клиенттің ағымдағы шотынан ақшаны тікелей дебеттеу арқылы немесе бонустық шоттан бұрын есептелген бонусты/кешбэкті есептен шығаруға, оған клиент өзінің шартсыз және қайтымсыз келісімін береді;

15) егер клиент бонустық шоттағы есептелген бонус қалдығынан асыра бонус (клиенттің қаражаты) пайдаланған жағдайда (кез келген себеппен), карталар базасындағы ағымдағы шот/бонустық шот бойынша түзілген дебиторлық берешектің/залалдың сомасын тікелей дебеттеу арқылы карталар базасындағы ағымдағы шоттан және Банкте ашылған клиенттің басқа шоттарынан есептен шығаруға, оған клиент өзінің шартсыз және қайтымсыз келісімін береді;

16) егер бұрын Банк және/немесе Серіктес бонус/кешбэк есептеген сатып алудың ішінара немесе толық сомасын клиент Кәсіпорынға қайтарса, бонустық шоттан бұрын есептелген бонусты/кешбэкті есептен шығаруға, оған клиент өзінің шартсыз және қайтымсыз келісімін береді;

17) егер бұрын Банк немесе Серіктес бонус/кешбэк есептеген сатып алу сомасын клиент қайтарса, бірақ сонымен бірге клиент бонустық шоттағы бонустарды (клиенттің қаражатын) пайдаланған болса (кез келген себептермен), карталар базасындағы ағымдағы шот/бонустық шот бойынша түзілген дебиторлық берешектің/залалдың сомасын тікелей дебеттеу арқылы карталар базасындағы ағымдағы шоттан және Банкте ашылған клиенттің басқа шоттарынан есептен шығаруға, оған клиент өзінің шартсыз және қайтымсыз келісімін береді;

18) Серіктестермен ниеттестік бағдарламасының келісімдері шеңберінде, клиент Серіктестердің бонустарына бонустарды айырбастау бойынша операциялар жасаған кезде

Серіктестерге клиенттердің бонустық шоттағы бонустарының балансы бойынша ақпарат беруге, оған клиент өзінің шартсыз және қайтымсыз келісімін береді.

19) Ниеттестік бағдарламасының шеңберінде, Halyk қосымшасында клиенттің Серіктестердің өзге ниеттестік бағдарламаларынан алған бонустарының балансын көрсетуге, оған клиент өзінің шартсыз және қайтымсыз келісімін береді;

20) клиенттің бонустық шотында дебиторлық берешек түзілген кезде клиенттің карталық және/немесе ағымдағы шоттарын бұғаттауға құқылы.

44. Банк:

1) осы Қағиданың 26, 27, 38 тармақтарына сәйкес клиенттерге ақпарат беруге;

2) барлық талаптар мен қағидаларды сақтай отырып транзакция жасаған кезде бонустық шотқа бонустар есептеуге;

3) клиенттер Банктің төлем карталары бойынша жинақталған бонусты Серіктестер желісінде және жеке тұлғалар үшін Halyk қосымшасында жаратуды қамтамасыз етуге;

4) банктің halykbank.kz ресми сайтында өзгерістер туралы ақпарат орналастырып, осы Қағиданың 6-тарауына сәйкес Қағидадағы өзгерістер туралы клиенттерге хабарлауға;

5) Серіктестер желісінде сауда жасағаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде клиенттің бонустық шотына техникалық себептер бойынша есептелмеген бонустарды есептеуге клиенттің сұрау салуын қарауға қабылдауға;

6) клиент науқан/акция талаптарын сақтаған жағдайда уақытша науқандар/акциялар бойынша бонустар/кешбэк есептеуге;

7) Бонустық клубты жапқан кезде барлық есеп айырысуды орындауға;

8) ұлттық валюта теңгеден ерекшеленетін валютадағы операциялар бойынша бонустарды/кешбэкті есептеумен операциялар бойынша есеп айырысу үшін операция бойынша растайтын қаржылық құжат түскен сәтте валютаны сатып алудың коммерциялық бағамы пайдаланылады. Ұлттық валютадан ерекшеленетін валютадағы операциялар бойынша бонустарды жұмсау операциялары бойынша есептеу үшін операция бойынша растайтын қаржылық құжат түскен сәтте валютаны сатып алудың коммерциялық бағамы пайдаланылады;

9) ұлттық валюта теңгеден ерекшеленетін валютадағы операциялар бойынша бонустар/кешбэк сомасын белгіленген есептеумен науқан/акция талабында Банк есепке жатқызу күніне Банктің БЖ-да белгіленген бағам бойынша шотқа есепке жатқызуды жүргізеді;

10) клиенттен сұрау салуды алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде осы Қағиданың 5-тарауына сәйкес келіп түскен даулы мәселелерді шешу үшін клиентке жзабаша немесе ауызша жауап беру немесе шаралар қабылдауға;

11) Бонустық клубты жабу туралы шешім қабылданған жағдайда бұл туралы клиентке жабылу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді. Бұл ретте Бонустық клубтың жабылғаны туралы хабарландыру берілген сәттен бастап бонустарды есептеу бойынша операциялар тоқтатылады.

## **5-тарау. Талап қою және дауларды шешу**

45. Бонустық шот бойынша үзінді көшірмеде көрсетілген есептелген бонустар бойынша наразылық болған жағдайда, клиент Банкке операция жасалған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша түрде сұрау салуға құқылы. Егер көрсетілген мерзім ішінде Банкке үзінді көшірмеде көрсетілген операциялар бойынша наразылықтар келіп түспесе, онда жасалған операциялар мен бонустық шоттағы қаражат қалдығы расталған болып есептеледі және кейіннен клиенттен үзінді көшірмеде көрсетілген операциялар бойынша наразылықтар қарауға/қанағаттандыруға жатпайды.

46. Сұрау салуда мәлімделген дәлелдерді растау үшін осы операцияны жасау кезінде ресімделген, Серіктестен тауарды/көрсетілетін қызметті сатып алу жөніндегі операциялар бойынша құжаттар сұрау салуға қоса беріледі.

47. Осы Қағиданың орындалуына байланысты Банк пен Клиент арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қарау үшін Банктің орналасқан жері бойынша жалпы юрисдикция сотына беріледі.

## **6-тарау. Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

48. Осы Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Банктің бастамасы бойынша жүргізіледі.

49. Осы Қағидаға Банк енгізетін өзгерістер мен толықтырулар Банк айқындаған күннен бастап күшіне енеді.

50. Қағидаға кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар күшіне енген сәттен бастап Қағидаға қосылған барлық тұлғаға, оның ішінде өзгерістер күшіне енген күннен бұрын Қағидаға қосылған тұлғаларға бірдей қолданылады.

### **Банк деректемелері:**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 40-үй. БСН

940140000385

Тел. + 7 (727) 259-07-77 (Алматы қаласы)

8 8000 8000 59 (Қазақстан бойынша тегін)